

**Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 55 "Маңғыстау ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 320 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 қарашада № 2517 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 07 шілдедегі № 220 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 07.07.2016 № 220 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 15 ақпандағы заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 55 "Маңғыстау ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2223 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 ақпандағы "Жаңа Өмір" газетінің № 10 санында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

қаулының кіріспесіндегі "13 тармақшасына" сөздері "14-1) және 14-3) тармақшаларына" сөздер жаңа редакцияда жазылсын.

2. Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (С.Каимова) қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін,

бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж.Айтуаров*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

С.Н.Каимова

20 қазан 2014ж.